


«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Б.Т.Калмурзина

« 02 » 09 2024 жыл



«Келісемін»

Оқу ісінің меңгерушісі

Б.Махамбетова

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ШАХМАТ ҮЙІРМЕ ЖОСПАРЫ

Орындаған: М.Н. Ажиев

Еңбекту ЖОББМ
2024-2025 оқу жылы

ЕҢБЕКТУ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІНДЕ ШАХМАТ ҮЙІРМЕСІ

7-10 жас. 14-17 жас. Аптасына 2 сағат.

Түсіндірме жазба

«Шахматсыз ақыл-ой қабілеті мен жадының толыққанды тәрбиесін елестетуге болмайды. Шахмат ойыны баланың өміріне ақыл-ой мәдениетінің бір элементі ретінде енуі тиіс.

Шахмат – бұл балаларға көп қуаныш, ғанибет әкелетін ойын ғана емес, олардың ақыл-ойын дамытатын, іс-әрекеттердің ішкі жоспарын – ойша әрекет ету қабілетін қалыптастыратын әсерлі, нәтижелі құрал болып табылады.

Шахмат ойыны көрнекті-бейнелі ойлауды дамытады, логикалық ойлаудың пайда болуына мүмкіндік туғызып, ыждаһаттылыққа, байыптылыққа, мақсатқа талпынушылыққа үйретеді. Осы ойынды үйретіп жүрген бала жинақырақ, өз істерін сынайтын бола бастайды, өз бетінше ойлауды, шешім қабылдауды, сонына дейін күресуді, сәтсіздікке ұшырағанда жабықпауды үйренеді. Шахматтың ғажайып әлеміне тартылған балалардың мектепте үлгерімі жақсырақ болатыны эксперимент арқылы расталды. Шахмат балаларда көптеген психикалық үдерістердің және қабылдау, назар аудару, елестету, есте сақтау, ойлау, жүріс-тұрысты ерікті басқарудың бастапқы түрлері сияқты қасиеттердің жетілуіне де оң әсерін тигізеді.

А.Алехин былай деп жазған болатын: «Шахмат білім мен логика ғана емес, сонымен қатар, ол терең қиял.

Шахмат арқылы мен өзімнің мінезімді тәрбиеледім. Шахмат жай өмір үлгісі ғана емес, ол шығармашылықтың да үлгісі. Шахмат, ең алдымен, объективті болуды үйретеді. Шахматта адам өзінің қателері мен кемшіліктерін түсініп қана үлкен шеберге айнала алады. Тұп-тура өмірдегідей» (1924 ж.)¹.

Ежелгі данышпандар шахматтың мәнісін: «Ақылмен жеңіске жету» деп қалыптастырған.

Шахмат ойындары аса маңызды қасиеттердің кешенін дамытатындықтан бұрыннан бері ерекше әлеуметтік маңыздылыққа ие – бұл бір кездері адамзат ойлап тапқан бос уақытты өткізудің ең үздік және қызықты түрлерінің бірі.

Сондықтан осы бағдарламаның өзектілігі оның оқушылардың бос уақытты мағыналы өткізулерін ұйымдастыруға, олардың танымдық қызметінің белсенді түрлеріндегі қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуында және ол көптеген себептерге байланысты: жүйкелік-эмоциялық шаршаңқылықтың артуы, педагогтың қарауынсыз қалған балалардың көбеюі.

Жалпы білім берудің заманауи тұжырымдамасының ортасында баланың тұлғасын дамыту, оның шығармашылық қабілеттіліктерін қалыптастыру, маңызды тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеу идеясы жатыр. Осының барлығына және көптеген басқа нәрселерге шахмат ойынына үйрету үдерісі мүмкіндік туғызады. Шахмат барлық адамдар үшін бар болғандығымен де күшті!

Өмір бізді әр қадамымызда көзқарастарымыздың дұрыстығын қорғауға, батыл қимылдауға, жағдайларға байланысты ұстамдылық пен табандылық танытуға, сәк және жүректі болуға, қиялдай алуға және қиялды тоқтата білуге мәжбүрлейді. Және осының барлығы шахматта қажет. Ол көп қырлы және орасан зор эмоционалды әлеуетке ие, «күресте құшырлануды» сыйлайды, сөйте тұра бір мезгілде етек-жеңді түріп, назар аударуды, уақытты бағалауды, сабырлылық сақтауды, жалған мен ақиқатты ажырата білуді, қарсыласқа ғана емес, өзіне де сыни қарауды талап етеді.

Шахмат балалар үшін шығармашылықтың үлкен мектебі болып табылады, бұл оларда шығармашылық ойлауды дамытудың бірегей құралы.

Шахмат – бұл шабыт пен түңілу, жалғыздықтан құтылудың ерекше тәсілі, белсенді уақыт өткізу, қатынасу мен өз ойын білдіру шөлін басу. Хосе Рауль Капабланка айтқандай: «Шахмат – жай ғана ойын емес, ол бір үлкен нәрсе. Бұл белгілі бір көркем қасиеттері мен көптеген ғылыми элементтері бар зияткерлік уақыт өткізу. Ақыл-ойдың жұмысы үшін шахмат спорт үшін физикалық жетілдіру негізі білдірсе, соны білдіреді: адам табиғатының бөлек қасиеттерін жаттықтыру мен дамытудың жағымды жолы...»².

Алайда баладан гроссмейстер жасауға ниетті болу бұл бағдарламада басымдықты болып табылады. Егер да бала шахматта үздік спорт нәтижелеріне жетпесе, онда бұл өмірлік сәтсіздік ретінде қаралмайды.

Оқушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуы үшін жағдайлар жасау, олардың жалпы мәдениетін қалыптастыру және оларды шахмат ойынына үйрету арқылы мағыналы уақыт өткізуді ұйымдастыру.

Міндеттер:

оқушылардың жалпы мәдениетін қалыптастыру;

оқушылардың басты құзыреттерін (коммуникативтік, зияткерлік, әлеуметтік) қалыптастыру және оларды дамыту үшін жағдай жасау;

ойлау қызметінің (абстрактылы-логикалық ойлаудың, есте сақтаудың, зейін салудың, шығармашылық қиялдың, логикалық операцияларды жасай алудың) бірегей тәсілдерін қалыптастыру.

Өңгіме зияткерлік тәрбие ерекше орын алатын, жұмыстың арнайы түрлері мен әдістерін талап ететін тап бастауыш мектеп туралы» В. Сухомлинский, педагог.

Бастауыш мектепте түбегейлі өзгерістер болып жатады: бірінші кезекке едәуір дәрежеде кіші оқушылардың тұлғасының қалыптасуына және олардың шығармашылық қабілеттіліктерінің барынша толық ашылуына мүмкіндік туғызатын оқытудың дамытушы атқарымы шығады.

Сауатты қойылған балаларға шахмат негіздерін үйрету үрдісі үйренуді қуанышты етуге, балаларды мәжбүрлемей үйретуге, білімге қызығушылықты тұрақты сақтауға, оқытудың алуан түрлілігін пайдалануға мүмкіндік береді. Сабақтардың өзекті жері оқушылардың бақылау, салыстыру, жіктеу, топтастыру, қорытынды шығару, заңдылықтарды анықтау кезіндегі олардың өз қызметі болып табылады. Бастауыш мектепте шахмат үйірмелік жұмыс үшін де кең мүмкіндіктерді ашады, оны жаңа сапалық деңгейге көтереді, балаларда көптеген психикалық үдерістерді және қабылдау, назар аудару, елестету, есте сақтау, ойлау, жүріс-тұрысты ерікті басқарудың бастапқы түрлері сияқты қасиеттерді жетілдіруге он әсерін тигізеді.

Шахмат ойынына ерте жастан үйрету көп балаларға, әсіресе ауылдық өңірлерде тұратын, ауылдық шағын жинақты мектепте оқитындарына, өздерінің құрдастарынан даму тұрғысынан қалып қалмауға көмектесіп, коммуникативтік емес жүздеген мың балаларға шығармашылыққа жол ашады. Қатынасу аясының, өз ойын толыққанды білдіру, өзін-өзі таныту мүмкіндіктерінің кеңеюі бұл балаларға мінездерінің тұйықтығын, жалған кемістіктерін енсеруге көмектеседі.

Шахмат өз табиғаты бойынша, ең алдымен, ойын болып қалады. Және бала, әсіресе үйретудің басында оны ойын ретінде қабылдайды. Қазір шахмат спорттың кәсіби түріне айналды, оның үстіне барлық балалар жарыстары спорттық бағытта. Сондықтан бала тұлғасының дамуы спорттық түрдегі шахмат ойыны арқылы жүреді. Спорт адамда бірқатар қажетті және қоғам талап ететін қасиеттерді: мақсатқа талпынушылықты, ерікті, төзімділікті, шыдамдылықты, зейін салуға қабілеттілікті, батылдықты, ұқыптылықты, өзгермелі жағдайда жылдам және дұрыс шешім қабылдауды және т.б. қалыптастырады. Өзінде ғылым мен өнердің элементтерін де үйлестіретін шахмат, осы ерекшеліктерді оқушыларда басқа спорт түрлеріне қарағанда тиімдірек қалыптастыра алады. Бұл қасиеттерді қалыптастыру сөзсіз уәждемені қажет етеді, ал шахматта кез келген жеңіліс пен одан алынған сабақтар баланың өзінде мінездің белгілі қасиеттерін қалыптастыру үшін ең күшті уәждемені тудыруға қабілетті.

Шахматтың әлеуметтік маңыздылығы, оның артып келе жатқан танымалдылығы туралы шахматты көпшілікке таратумен және насихаттаумен айналысатын халықаралық ұйымдарды құру, халықаралық шахмат олимпиадалары мен сансыз көп халықаралық жарыстарды өткізу сияқты осындай салмақты дәлелдерге қарап, қорытынды шығаруға болады. Шахмат көп адамның айналысатын байыпты ісі болып келеді және тұлғаның үйлесімді дамуына септігін тигізе отырып, қызметтің кез келген ортасында адамның қалыптасуына көмектеседі.

Адамгершілік, зияткерлік, физикалық, эстетикалық қасиеттерді, бастамашылдықты, өз бетінше әрекет етуді және жауапкершілікті дамыту;

салауатты өмір сүру қажеттілігін тәрбиелеу.

Бағдарламаның қатысушылары:

Бағдарламаның қатысушылары жалпы білім беретін мектепке баратын 2-4 сынып оқушылары болып табылады. Топтардың толығы СанЖН-нің нормативтік көрсеткіштеріне және нормаларына сай келеді. Жұмыс режимі аптасына 1 сағаттан аспайды.

Бағдарламалық-әдістемелік кешенді құрудың қағидаттары

Үйрету жалпы әдістемелік қағидаттардың негізінде жүзеге асырылады:

Дамытушы қызметтің қағидаты: әрбір қатысушының және тұтастай алғанда, барлық ұжымның тұлғасын дамыту мақсатында ойын ойын үшін емес.

Сылбыр сыртынан пайымдап қарау емес, әр баланың ойынға белсенді қосылу қағидаты; Бағдарламалық материалды қолжетімді, ретті және жүйелі баяндаудың қағидаты.

Осы бағдарламадағы балалармен жұмысты ұйымдастырудың негізі болып табылатын дидактикалық қағидаттардың жүйесі:

психологиялық жайлылық қағидаты – оқу үдерісінің күйзеліс тудыратын барлық факторларды жоюды қамтамасыз ететін білім беру ортасын қалыптастыру;

mini-max қағидаты – әрбір баланың өзінің жылдамдығымен ілгерілеу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі;

әлем туралы біртұтас елестету қағидаты – жаңа білімді енгізген кезде оның заттармен және қоршаған әлемдегі құбылыстармен өзара байланысы ашылады;

вариациялық қағидаты – балаларда өз таңдауларын жүзеге асыруға икемділік қалыптасады және оларға жүйелі түрде таңдау мүмкіндігі ұсынылады;

шығармашылық қағидаты – үйрету үдерісі балалардың шығармашылық қызметте өз тәжірибесін жинақтауға бағытталған.

Жоғарыда баяндалған қағидаттар дамытушы оқытуды ұйымдастыру негіздері туралы заманауи ғылыми көзқарастарды біріктіріп, зияткерлік және тұлғалық даму міндеттерінің шешілуін қамтамасыз етеді. Бұл балаларда шахмат дәрістеріне тұрақты қызығушылықтың пайда болуына, ішкі іс-әрекеттер жоспарын құруға икемділіктердің пайда болуына, сенімді тудырады, кеңістіктік қиялға, мақсатқа талпынушылыққа, мақсатқа жетуде қайсарлық танытуды дамытуға жол ашады, өз бетінше шешім қабылдап, ол үшін жауапкершілік көтеруге үйретеді.

Оқытудың негізгі әдістері:

Балада шахматтық ойлаудың қалыптасуы үлгілік қағидалардағы алгоритмдер мен тәсімдердің өсімпаздық қайталауынан бастап, көп жағдайларда жұрт қабылдаған таптауырындардан бас тартуды білдіретін білімдерді іс жүзінде шығармашылық қолдануға дейін біркатар кезеңдерден өтеді.

Бастапқы кезеңде ойын, көрнекі және өсіңкі әдістер басым болады. Олар келесі жағдайларда қолданылады:

Шахмат фигураларымен танысқан кезде;

Шахмат тактасын зерттеген кезде;

Ойын ережелерімен танысқан кезде;

Материалдық басымдықты жүзеге асырған кезде.

Шахмат партиясының түрлі кезеңдерінде ойын жүргізудің жалпы қағидаттары үлкен рөл ойнайды, ондағы негізгі әдіс өнімдісі болып табылады. Тактада өз ойын жүзеге асыру үшін оқушы

шахматтардың тактикалық арсеналын меңгереді, нәтижесінде келесі ойлау алгоритмі қалыптасады: жайғасымды талдау – уәж – идея – есеп – жүріс. Өнімді әдіс мұнан былай да дебюттер мен жайғасымдық ойындардың негіздерін, әсіресе миттельшпиль мен эндшпильдің үлгілік жайғасымдарын зерделеген кезде үлкен рөл атқарады.

Оқытудың негізгі түрлері мен құралдары:

Теоретикалық дәрістер;

Дидактикалық ойындар мен тапсырмалар, ойын жаттығулары;

Тәжірибелік ойын.

Білім беру қызметінің нәтижелері:

Баланың тұлғалық, зияткерлік және әлеуметтік дамуының артуы, коммуникативтік қабілеттіліктерінің, бастамашылдығының, төзімділігінің, өз бетінше әрекет етуінің дамуы. Шахмат ойынында теоретикалық білімдер мен тәжірибелік дағдыларды алу.

Қызметінің жаңа түрлерін игеру (дидактикалық ойындар мен тапсырмалар, ойын жаттығулары, жарыстар).

Үйретудің ақырғы нәтижесі шахмат партиясын басынан бастап, соңына дейін ережелер бойынша ойнай алу саналады. Бұл білімдердің белгілі бір орнылықтылығы мен оларды іс жүзінде қолдана білуді талап етеді.

Нормативтік бөлігі

«Шахмат бағдарламасының оқыту-тақырыптық жоспары

№ р/с	Бөлімдер мен тақырыптардың атаулары	Сағаттар саны		
		Теориясы	Тәжірибесі	Сағаттардың барлығы
I	Шахмат тақтасы	4 с.	Әр дәрісте 15 минут	4с.
II	Шахмат фигуралары. Фигуралардың бастапқы позициясы	2 с.		2с.
III	Жүрістер мен фигураларды алу	17 с.		17 с.
IV	Шахмат партиясының мақсаты	7 с.		7 с.
V	Бастапқы позициядағы барлық фигуралармен ойнау	2 с.		2 с.
VI	Талдап қорыту. Қорытынды дәрістер	2 с.	Әр сабақта 15 минуттан	2 с.
VII	Өткенді қайталау	2 с.		2 с.
VIII	Жалғыз корольге мат қою	5 с.		5 с.
IX	Фигуралардың өзара әрекеттесуі	4 с.		4 с.
X	Материалды ұтып алу	9 с.		9 с.
XI	Қарапайым пешка эндшпильдері	3 с.		3 с.
XII	Дебют ойнаудың негізгі ережелері	3 с.		3 с.
XIII	Ойын дәрістері (турнирлер)	Әр дәрісте 15 минут	4 с.	4 с.
XIV	Қорытындылау. Қорытынды сабақтар	Әр дәрісте 15 минут	4 с.	4 с.
XV	Шахмат партиясының кезеңдері және оларды ойнау қағидалары	3 с.		3 с.
XVI	Дебют негіздері	4 с.		4 с.
XVII	Корольге шабуыл жасау	4 с.		4 с.
XVIII	Шахмат партиясындағы басымдық түрлері	2 с.		2 с.
XIX	Шахматтық комбинация (курстың негізгі тақырыбы)	8 с.		8 с.
XX	Ойын дәрістері	Әр дәрісте 15 минут	6 с.	6 с.
XXI	Қорытындылау. Қорытынды дәрістер	Әр дәрісте 15 минут	5 с.	4 с.
	БАРЛЫҒЫ	102 с.		8

«Шахмат бағдарламасының дәрістер жоспары 7-10 жас.

№	Тақырыптың атауы	Сағаттар саны			Жүргізу түрі	Білім беретін өнім
		Күні	Дәрістер	Тәжірибе		
1	Шахматпен танысу	1	30 мин.	15 мин.	Әңгіме-сұхбат	Сұрақтарға жауаптар
2	Шахмат фигураларымен танысу	1	30 мин.	15 мин.	Әңгіме-сұхбат	Фигуралардың сыртқы белгілері бойынша дамытушы сипаттағы сұрақтар
3	Шахмат тақтасы мен фигуралар	1	30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық	Дамытушы сипаттағы сұрақтар.

					Дәріс	Дидактикалық тапсырмалар (тастардың қойылуындағы қателерді тап)
4	Көлденең және тігінен қойылу. Ладья	1	30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәріс	Дидактикалық ойындар
5	Ладья. Алу	1	30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және дәріс	Дидактикалық ойындар
6	Қиғашынан. Піл	1	30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәріс	Пілді алатын дидактикалық ойындар
7	Піл. Алу	1	30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәріс	Пілді алатын дидактикалық ойындар
8	Ферзь. Ферзьдің жүрісі	1	30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәріс	Ферзь жүретін дидактикалық ойындар
9	Ферзь. Алу	1	30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәріс	Ферзьді алатын дидактикалық ойындар
10	Пешка	1	30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәріс	Пешканың жүрісімен байланысты тапсырмаларды шешу
11	Ат. Аттың жүрісі	1	30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәріс	Ат жүретін бір кадамдық, дидактикалық ойындар

12	Ат. Алу	1		30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәрiс	Атпен дидактикалық ойындар
13	Король	1		30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәрiс	Корольдiн жүрiсiмен байланысты дидактикалық ойындар
14	Тақта жолдары мен фигуралардың белгiленуi	1		30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәрiс	«Мекенжайды ата», «Мергендер» дидактикалық тапсырмалары
15	Қорытынды дәрiс	1		15 мин.	30 мин.	Бакылау дәрiсi	Конкурс. Викторина
16	Шабуылдау	1		30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәрiс	Шабуылдаумен дидактикалық ойындар
17	Тастардың	1		30 мин.	15 мин.	Теоретикалық	Дидактикалық

	құндылығы					және практикалық дәрiс	ойындар. Салыстырмалы ұқсастық
18	Негiзгi шахмат ережелерi. Шабуылдау және фигураны қорғау	1		30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәрiс	Дамытушы жаттығулар
19	Фигураларды шабуылдау және оларды қорғау. Қорғанудың сан алуан түрлерi	1		30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәрiс	Дидактикалық ойындар
20	Қорғалған және қорғалмаған фигуралар	1		30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәрiс	Дидактикалық ойындар (қорғалмаған фигураны алу)
21	Екi рет соққы беру	1		30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәрiс	Екi рет соққы беретiн дидактикалық ойындар
22	Корольдiң ерекше рөлi. Шах	1		30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәрiс	Шах немесе шах емес дидактикалық ойыны. Шахты жариялаған фигураны iздестiретiн дидактикалық ойын
23	Шахтан қорғану	1		30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәрiс	Шахтан қорғанудың үш тәсiлiн қарастыратiн дидактикалық ойын

24	Мат	1		30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәрiс	Дидактикалық тапсырмалар – мат немесе шах. Дидактикалық тапсырма –матты жариялаған кай фигура
25	Бір жүрістегі мат	1		30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәрiс	Дидактикалық тапсырмалар – көрсетілген фигурамен корольге матты жарияла (ладья, піл, ферзь, пешка, ат)
26	Фигуралардың өзара әрекеттесуі	1		30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәрiс	Бояумен байланысты дидактикалық тапсырмалар
27	Сызықты мат	1		30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық	Тапсырмаларды шешу

						дәрiс	
28	Тең түсу. Тең түсудің түрлері	1		30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәрiс	Дидактикалық тапсырмалар (пат немесе пат емес)
29	Корольдің ерекше жүрісі. Рокировка	1		30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәрiс	Рокировка жасалатын дидактикалық тапсырмалар
30-31	Корольдің ерекше жүрісін қайталау. Пешканың ерекше жүрісі. Өткелде алу	2		15 мин.	30 мин.	Теоретикалық және практикалық дәрiс	□ тетін жерден алуға байланысты дидактикалық тапсырмалар
32	Шахмат әдебі. Ойын кезіндегі жүріс-тұрыс ережелері	1		15 ми.н.	30 мин.	Теоретикалық және практикалық дәрiс	Конкурс. Викторина
33	Шахмат партиясы Дебюттік қателер	1		30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәрiс	Сұрақтарға жауаптар Партияны жазу.
34	Қорытынды дәрiс	1		30 мин.	15 мин.	Теоретикалық және практикалық дәрiс	Блиц-сұрақтар

«Шахмат» бағдарламасының дәрістер жоспары. 14-17 жас.

№	Тақырыптың атауы	Сағаттар саны			Өткізу түрі	Оқу мазмұны
		Күні	Лекциялар	Тәжірибе		
1	Қайталау. Шахматтық нотация. Маттың түрлері.	1	30 мин.	15 мин.	Әңгіме-сұхбат	Сұрақтарға жауаптар. 2 жүрістегі матка арналған дидактикалық тапсырмалар.
2	Қайталау. Қос сокқы, байлам, ашық шабуылдау, ашық шах, қос шах.	1	30 мин.	15 мин.	Әңгіме-сұхбат	Сұрақтарға жауаптар. 2 жүрістегі матка және материалды ұтып алуға арналған дидактикалық тапсырмалар.
3	Шахмат партиясының сатылары.	1	30 мин.	15 мин.	Теориялық және тәжірибелік дәріс	Шахмат партиясының сатыларын анықтауға арналған дидактикалық тапсырмалар.
4	Дебют негіздері. Дебют ойынының ережелері.	1	30 мин.	15 мин.	Теориялық және тәжірибелік дәріс	Дебюттегі мат, дебютте жасаған қателерді анықтауға арналған дидактикалық тапсырмалар.
5	Дебют негіздері. Ойын басындағы қателер: ферзь және ладьяны ойынға ерте қосу.	1	30 мин.	15 мин.	Теориялық және тәжірибелік дәріс	Ферзь және ладьяны ойынға негізсіз ерте қосуды қолдануға арналған дидактикалық тапсырмалар.
6	Дебют негіздері. Ойын басындағы қателер: пешкамен немесе бір фигурамен мақсатсыз жүрістер.	1	30 мин.	15 мин.	Теориялық және тәжірибелік дәріс	Бір фигурамен қайта-қайта жүрістердің немесе шеткі пешкаларды ілгерілетудің тиімділігін анықтауға арналған дидактикалық тапсырмалар.
7	Дебют негіздері. Ойын басындағы қателер: корольді қауіпті жағдайда қалдыру.	1	30 мин.	15 мин.	Теориялық және тәжірибелік дәріс	Қорғансыз корольді шабуылдау дидактикалық тапсырмалар.

8	Ойын дәрісі	1		15 мин.	30 мин.	Тәжірибелік дәріс	Ойындық тәжірибе және партияны жазып алу. Оқушылардың қателерін талдау.
9	Қорытынды дәріс	1		15 мин.	30 мин.	Тәжірибелік дәріс	Дебютте жіберілген қателерді пайдаланудың шешімдерін табу байқауы
10	Миттельшпильдің ойнаудың негізгі қағидалары.	1		30 мин.	15 мин.	Теориялық және тәжірибелік дәріс	Миттельшпильдің ойнаудың негізгі қағидаларына арналған дидактикалық тапсырмалар.
11	Басымдылық түрлері: материалдық және позициялық. Айырбастау арқылы позицияны жеңілдету және ұтымды эндшпильге өту.	1		30 мин.	15 мин.	Теориялық және тәжірибелік дәріс	Қарсылас корольге шабуыл жасауды ұйымдастыру арқылы материалдық басымдылықты жүзеге асыруға арналған дидактикалық тапсырмалар
12	Басымдылық түрлері: материалдық және позициялық басымдылық. Фигураларды ілгерілетудегі басымдылық	1		30 мин.	15 мин.	Теориялық және тәжірибелік дәріс	Фигураларды ілгерілетудегі басымдылықты жүзеге асыруға арналған дидактикалық тапсырмалар
13	Эндшпиль ойнаудың негізгі қағидалары	1		30 мин.	15 мин.	Теориялық және тәжірибелік дәріс	Типтік позицияларды талдау. Эндшпиль ойнаудың негізгі қағидаларына арналған дидактикалық тапсырмалар.
14	Ойын дәрісі	1		15 мин.	30 мин.	Тәжірибелік дәріс	Турнир өткізу
15	Ойын дәрісі	1		15 мин.	30 мин.	Тәжірибелік дәріс	Турнир өткізу
16	Қорытынды дәріс	1		15 мин.	30 мин.	Тәжірибелік дәріс	Басымдықты жүзеге асыруға арналған дидактикалық тапсырмалар
17	Шахматтық комбинация. Құрбан ету, комбинацияның тақырыбы	1		30 мин.	15 мин.	Теориялық және тәжірибелік дәріс	Комбинацияның тақырыбы мен себебін анықтауға арналған дидактикалық

	мен себебі						тапсырмалар
18	Шахматтық комбинация. Алдап тарту	1		30 мин.	15 мин.	Теориялық және тәжірибелік дәріс	Алдап тарту тақырыбындағы комбинацияларды шешуге арналған дидактикалық тапсырмалар
19	Шахматтық комбинация. Блокадалау.	1		30 мин.	15 мин.	Теориялық және тәжірибелік дәріс	Блокадалау тақырыбындағы комбинацияларды шешуге арналған дидактикалық тапсырмалар
20	Шахматтық комбинация. Назарды бұру.	1		30 мин.	15 мин.	Теориялық және тәжірибелік дәріс	Дидактикалық тапсырмалар. Назарды бұру тақырыбындағы комбинацияларды шешу
21	Ойын дәрісі	1		15 мин.	30 мин.	Тәжірибелік дәріс	Ойындық тәжірибе және партияны жазып алу. Оқушылардың кателерін талдау.
22	Шахматтық комбинация. Шаршы немесе сызықты босату	1		30 мин.	15 мин.	Теориялық және тәжірибелік дәріс	Дидактикалық тапсырмалар. Шаршы немесе сызықты босату тақырыбындағы комбинацияларды шешу
23	Шахматтық комбинация. Қорғаушыны жою	1		30 мин.	15 мин.	Теориялық және тәжірибелік дәріс	Дидактикалық тапсырмалар. Қорғаушыны жою тақырыбындағы комбинацияларды шешу
24	Шахматтық комбинация. Корольдің қорғауын ыдырату.	1		30 мин.	15 мин.	Теориялық және тәжірибелік дәріс	Дидактикалық тапсырмалар. Корольдің қорғауын ыдырату тақырыбындағы комбинацияларды шешу
25	Шахматтық комбинация. Корольді орталыққа шығару	1		30 мин.	15 мин.	Теориялық және тәжірибелік дәріс	Дидактикалық тапсырмалар. Корольді шығару тақырыбындағы комбинацияларды шешу
26	Ойын дәрісі	1		15 мин.	30 мин.	Тәжірибелік дәріс	Ойындық тәжірибе және партияны жазып алу. Оқушылардың кателерін талдау
27	Қорытынды	1		15 мин.	30 мин.	Бақылау дәрісі	Комбинацияларды

	дәріс						шешу байқауы
28	Корольге шабуыл жасау	1		30 мин.	15 мин.	Теориялық және тәжірибелік дәріс	Типтік позициялар мен қысқа партияларды талдау. «Корольге шабуыл жасау» тақырыбындағы дидактикалық тапсырмалар
29-30	Рокировка жасамаған корольге шабуыл жасау.	2		30 мин. 30мин	15 мин. 15мин	Теориялық және тәжірибелік дәріс	Типтік позициялар мен қысқа партияларды талдау. Орталықта б $\square$ геліп қалған корольге шабуыл жасау тақырыбындағы дидактикалық тапсырмалар
31-32	Біржақты рокировка жағдайында корольге шабуыл жасау.	2		30 мин. 30мин	15 мин. 15мин	Теориялық және тәжірибелік дәріс	Типтік позициялар мен қысқа партияларды талдау. Біржақты рокировка жағдайында корольге шабуыл жасауға арналған дидактикалық тапсырмалар.
33	Жан-жақты рокировка жағдайында корольге шабуыл жасау.	1		30 мин.	15 мин.	Теориялық және тәжірибелік дәріс	Типтік позициялар мен қысқа партияларды талдау. Жан-жақты рокировка жағдайында корольге шабуыл жасауға арналған дидактикалық тапсырмалар.
34	Ойын дәрісі Қорытынды.	1		15 мин.	30 мин.	Тәжірибелік дәріс	Ойындық тәжірибе және партияны жазып алу. Оқушылардың кателерін талдау.

Ақпараттық-әдістемелік бөлім Педагогикалық бақылау

Педагогикалық бақылау педагогикалық әдістемелерді өзіне қамтиды. Әдістемелер кешені бағдарламалық материалды меңгеру деңгейін анықтауға, қызметтің жаңа түрлерін игеру ікемділіктерінің қалыптасқандығының дәрежесін анықтауға, коммуникативтік қабілеттіліктердің дамытуға, баланың тұлғалық және әлеуметтік дамуының арттыруға бағытталған.

Педагогикалық бақылау мен байқаудың қолданылатын әдістері бағдарламаның жұмысын жүзеге асырған кезде, оны бақылауға және түзетуге мүмкіндік береді. Бұл білімдердің, ікемділіктер мен дағдылардың артуының серпінін қадағалауға мүмкіндік береді, әр бала үшін оның жеке даму жолын жасауға мүмкіндік береді. Алынған ақпараттың негізінде педагог оқыту үдерісіне тиісті түзетулерді енгізеді.

Бақылау мақсатқа жету және қойылған міндеттерді шешу дәрежесін бағалау үшін пайдаланылады.

Тиімділікті бақылау диагностикалық тапсырмалар мен жаттығуларды орындаған кезде тестілердің, фронталды және жеке сауалнамалардың, байқаудың көмегімен жүзеге асырылады. Бақылау сынақтары салтанатты жарысу жағдайында жүргізіледі.

Бақылаудың түрлері:

ағымдағы бақылауды (оқылатын материалдың қаншалықты меңгерілгендігін бағалауды) педагог байқау түрінде жүзеге асырады; аралық бақылау жарты жылда бір рет қорытынды тексеру жұмысы түрінде жүргізіледі; қорытынды аттестаттау оқу жылының аяғында тестілеу, меңгерілген дағдылардың деңгейін анықтау бойынша тест жаттығуларын орында, сондай-ақ меңгерілген теоретикалық білімнің көлемін анықтауға арналған жазбаша сауалнама түрінде жүргізіледі.

Нәтижелерді бағалау:

Тестілеудің қорытындылары бойынша үйренушінің әрқайсысына баға қойылады: Тыңдаушылардың білімін бағалау баллдардың бес-балдық жүйесіне аударылуы негізінде жүзеге асырылады:

1) 5 – "өте жақсы": 90-100 балл (90-100%);

2) 4 – "Жақсы": 75-89 балл (75-89%);

3 – "Қанағаттанарлық": 50-74 балл (50-74%).

2 – "Қанағаттанарлықсыз" : 20-49 балл (20-49%)

1 – "Қанағаттанарлықсыз" : 0-19 балл (0-19%)

Қорытынды баға бағалар сомасынан орташа баға ретінде шығарылады.

Үйренушілердің білімдерін, ікемділіктері мен дағдыларын бағалаудың критерийлері мен нормалары

Үйренушілердің жазбаша үй жұмыстарын бағалау.

Жауап келесі жағдайларда «5» бағасымен бағаланады:

жұмыс толық орындалса; логикалық пікірлер мен шешімді негіздеуде олқылықтар мен қателер болмаса; шешімде техникалық қателер болмаса (оқу материалын білмеудің немесе түсінбеудің салдары болып табылмайтын бір дәлсіздік, жаңылыс болуы мүмкін).

«4» бағасы келесі жағдайларда қойылады:

жұмыс толық орындалса, бірақ шешу қадамдарын негіздеу жеткіліксіз болса (егер пікірлерді негіздей білу арнайы тексеру нысаны болмаса);

бір қате кетсе немесе суреттерде, сызбаларда немесе кестелерде екі-үш кемшілік болса (егер бұл жұмыстардың түрлері арнайы тексеру нысаны болып табылмаса).

«3» бағасы келесі жағдайларда қойылады:

суреттерде, сызбаларда немесе кестелерде бірден көп қате кетсе немесе екі-үш кемшілік болса, бірақ үйренушінің тексерілетін тақырып бойынша міндетті ікемділіктері болса.

«2» бағасы келесі жағдайларда қойылады:

үйренушіде осы тақырып бойынша толық көлемде міндетті ікемділіктердің жоқтығын көрсеткен елеулі қателер кетсе.

«1» бағасы келесі жағдайларда қойылады:

жұмыс үйренушіде тексерілетін тақырып бойынша міндетті білім мен ікемділіктердің мүлде жоқтығын көрсетсе немесе жұмыстың едәуір бөлігі өз бетінше орындалмаған болса.

Мұғалім үйренушінің жоғары зияткерлік дамуын көрсететін сұраққа берген соны жауабы немесе тапсырманың соны шешімі үшін; үйренушінің қандай да бір басқа тапсырмаларды орындағаннан кейін оған қосымша ұсынылған одан да қиын тапсырманы шешкені немесе одан да күрделі сұраққа жауап бергені үшін бағаны көтеруі мүмкін.

Үйренушілердің жазбаша үй жұмыстарын бағалау.

Жауап келесі жағдайларда «5» бағасымен бағаланады:

жұмыс толық орындалса;
 логикалық пікірлер мен шешімді негіздеуде олқылықтар мен қателер болмаса;
 шешімде техникалық қателер болмаса (оқу материалын білмеудің немесе түсінбеудің салдары болып табылмайтын бір дәлсіздік, жанылыс болуы мүмкін).
 «4» бағасы келесі жағдайларда қойылады:
 жұмыс толық орындалса, бірақ шешу қадамдарын негіздеу жеткіліксіз болса (егер пікірлерді негіздей білу арнайы тексеру нысаны болмаса);
 бір қате кетсе немесе суреттерде, сызбаларда немесе кестелерде екі-үш кемшілік болса (егер бұл жұмыстардың түрлері арнайы тексеру нысаны болып табылмаса).
 «3» бағасы келесі жағдайларда қойылады:
 суреттерде, сызбаларда немесе кестелерде бірден көп қате кетсе немесе екі-үш кемшілік болса, бірақ үйренушінің тексерілетін тақырып бойынша міндетті икемділіктері болса.
 «2» бағасы келесі жағдайларда қойылады:
 үйренушіде осы тақырып бойынша толық көлемде міндетті икемділіктердің жоқтығын көрсеткен елеулі қателер кетсе.
 «1» бағасы келесі жағдайларда қойылады:
 жұмыс үйренушіде тексерілетін тақырып бойынша міндетті білім мен икемділіктердің мүлде жоқтығын көрсетсе немесе жұмыстың едәуір бөлігі өз бетінше орындалмаған болса.
 Мұғалім үйренушінің жоғары зияткерлік дамуын көрсететін сұраққа берген соны жауабы немесе тапсырманың соны шешімі үшін; үйренушінің қандай да бір басқа тапсырмаларды орындағаннан кейін оған қосымша ұсынылған одан да қиын тапсырманы шешкені немесе одан да күрделі сұраққа жауап бергені үшін бағаны көтеруі мүмкін.

Үйренушілердің ауызша жауаптарын бағалау

Оқушы келесілерді орындаған болса, жауап «5» бағасымен бағаланады:
 материалдың мазмұнын бағдарламада және оқулықта қарастырылған толық көлемде ашқан болса;
 шахмат терминологиясы мен рәмізін тура пайдаланып, материалды белгілі бір логикалық реттілікпен, сауатты тілмен баяндаса;
 жауапқа ілеспелі суреттерді, сызбаларды, кестелерді дұрыс орындаса;
 теорияны нақты мысалдармен дәлелдей білетінін, оны тәжірибелік тапсырманы орындаған кезде жаңа жағдаятта қолдана алатынын көрсетсе;
 бұрын оқылған ілеспелі тақырыптардың теориясын білетінін, жауап берген кезде пайдаланылатын икемділіктер мен дағдылардың қалыптасқанын және олардың тұрақтылығын көрсетсе;
 мұғалімнің жетелеуші сұрақтарынсыз өз бетінше жауап берсе;
 екінші кезектегі мәселелерді түсіндірген кезде оқушы мұғалімнің ескертуінен кейін оңай түзеткен бір-екі дәлсіздік болуы мүмкін.
 Жауап негізінен «5» бағасына қойылатын талаптарды қанағаттандырса, «4» бағасымен бағаланады, бірақ оның сонымен бірге бір кемшілігі болады:
 баяндамада жауаптың мазмұнын бұрмаламаған бос орындар кеткен;
 жауаптың негізгі мазмұнын түсіндірген кезде мұғалімнің ескертуінен кейін түзетілген бір-екі кемшілік кеткен;
 екінші кезектегі мәселелерді түсіндірген кезде мұғалімнің ескертуінен кейін оңай түзетілген бір қатеге немесе екіден көп кемшілікке жол берілген.
 «3» бағасы келесі жағдайларда қойылады:
 материалдың мазмұны толық ашылмаса (мазмұны үзінді түрінде баяндалған, әрқашан дәйекті емес), бірақ мәселені жалпы түсіну көрсетілсе және бағдарламалық материалды меңгеру үшін жеткілікті икемділіктер көрсетілсе;
 шахмат терминологиясын анықтауда, сызбаларда қиындықтар болса немесе мұғалімнің бірнеше жетелеуші сұрақтарынан кейін түзетілген қателер кетсе;
 тәжірибелік тапсырманы орындаған кезде оқушының теорияны жаңа жағдаятта қолдануға шамасы жетпесе, бірақ осы тақырып бойынша міндетті күрделілік деңгейіндегі тапсырмаларды орындаса;
 теоретикалық материалды жеткілікті білгеннің өзінде негізгі икемділіктер мен дағдылардың жеткіліксіз қалыптасқаны анықталса.
 «2» бағасы келесі жағдайларда қойылады:

оқу материалының негізгі мазмұны ашылмаса;
оқушының оқу материалының көп немесе ең маңызды бөлігін білмегені анықталса;
шахмат терминологиясын пайдаланған кезде түсініктерді анықтағанда, суреттерде, сызбаларда немесе кестелерде мұғалімнің бірнеше жетелеуші сұрақтарынан кейін түзетілмеген қателер кетсе.
«1» бағасы келесі жағдайларда қойылады:
оқушы оқылатын оқу материалын мүлде білмесе және түсінбесе немесе оқылған материал бойынша қойылған бір де бір сұраққа жауап бере алмаса.
Қателердің жалпы жіктелуі.
Үйренушілердің білімдерін, икемділіктері мен дағдыларын бағалаған кезде барлық қателерді (өрескел және өрескел емес) мен кемшіліктерді ескеру керек.
3.1. Мынадай қателер өрескел болып саналады:
негізгі түсініктердің, заңдардың, ережелердің, негізгі қағидалардың теориясының анықтамасын білмеу, шахмат ойынын жазудың шартты белгілерін, жұрт қабылдаған тастарды белгілеу нышандарын білмеу; тастардың атауларын білмеу;
жауапта бастысын бөліп көрсетуді білмеу;
тапсырмаларды шешу үшін білімдерді, алгоритмдерді қолдана білмеу;
қорытынды шығаруды және талдап қорытуды білмеу;
түпдеректері, оқулықты және анықтамалықтарды пайдалануды білмеу;
шамалас қателер;
логикалық қателер.
өрескел емес қателерге мыналарды жатқызу керек:
анықталатын түсініктің негізгі белгілері толық қамтылмағандықтан немесе бұл белгілердің бір-екеуін екінші кезектегілерге ауыстырғаннан туындаған тұжырымдалған ойдың, анықтамалардың, түсініктердің, теориялардың дәлсіздігін;
тапсырмаларды шешудің тиімсіз әдісті немесе жеткіліксіз ойластырылған жауаптың жоспарын (логиканың бұзылуы, жекелеген негізгі мәселелердің екінші кезектегілерге ауыстырылуы);
анықтамалық және басқа да әдебиетпен жұмыс істеудің тиімсіз әдістері;
тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау.
Келесілер кемшіліктер болып табылады:
есептеу мен түрлендірудің тиімсіз тәсілдері;
жазбалардың, сызбалардың, тәсімдердің, кестелердің ұқыпсыз орындалуы.
Білімдердің, икемділіктер мен дағдылардың қорытынды бағасы
Білімдердің қорытынды бағасын қоюға мұғалімнің оқушылардың күнделікті жұмысын байқаудың, ауызша сауалнаманың, үй және қорытынды бақылау жұмыстарының нәтижелері негіз болады. Алайда соңғысына көбірек мән беріледі.
Қорытынды бағаны шығарған кезде оқушының теоретикалық білімдерінің деңгейімен қоса, оның тәжірибелік икемділіктер мен дағдыларды қалай меңгергені де ескеріледі. Алайда ауызша берген жауаптары оң бағаланған оқушының ағымдағы барлық үй жұмыстары және көбісі, сондай-ақ қорытынды бақылау жұмысы қанағаттанғысыз деп бағаланған болса, оған оң қорытынды баға қойылуы мүмкін.

5. Пайдаланылған әдебиеттің тізімі

1. Ф.Хасанова, Г.Дәулетова Шахмат оқу құралына арналған әдістемелік құрал 2 сынып
Академ.Шахматдан Есенов атын.ғылыми білім беру қоры Алматы, 2017
2. Ф.Хасанова, Г.Дәулетова Шахмат №1 жұмыс дәптері 2 сынып
Академ.Шахматдан Есенов атын.ғылыми білім беру қоры Алматы, 2017
3. Ф.Хасанова, Г.Дәулетова Шахмат №2 жұмыс дәптері 2 сынып
Академ.Шахматдан Есенов атын.ғылыми білім беру қоры Алматы, 2017
4. Ф.Хасанова, Г.Дәулетова Шахмат №1 оқу құралы 2 сынып
Академ.Шахматдан Есенов атын.ғылыми білім беру қоры Алматы, 2017
5. Ф.Хасанова, Г.Дәулетова Шахмат №2 оқу құралы 2 сынып
Академ.Шахматдан Есенов атын.ғылыми білім беру қоры Алматы, 2017
6. Г.Дәулетова, Р.Хуснутдинов Шахмат 3 сынып №1 оқу құралы
Академ.Шахматдан Есенов атын.ғылыми білім беру қоры Алматы, 2018
7. Г.Дәулетова, Р.Хуснутдинов Шахмат 3 сынып №2 оқу құралы

Академ.Шахмардан Есенов атын.ғылыми білім беру қоры Алматы, 2018

8. Г.Дәулетова, Р.Хуснутдинов Шахмат 3 сынып оқу құралына арналған әдістемелік құрал
Академ.Шахмардан Есенов атын.ғылыми білім беру қоры Алматы, 2018
9. Г.Дәулетова, Р.Хуснутдинов Шахмат 3 сынып №1 жұмыс дәптері
Академ.Шахмардан Есенов атын.ғылыми білім беру қоры Алматы, 2018
10. Г.Дәулетова, Р.Хуснутдинов Шахмат 3 сынып №2 жұмыс дәптері
Академ.Шахмардан Есенов атын.ғылыми білім беру қоры Алматы, 2018
11. . Г.Дәулетова, Р.Хуснутдинов Шахмат 4 сынып №1 оқу құралы
Академ.Шахмардан Есенов атын.ғылыми білім беру қоры Алматы, 2018
12. . Г.Дәулетова, Р.Хуснутдинов Шахмат 4 сынып №2 оқу құралы
Академ.Шахмардан Есенов атын.ғылыми білім беру қоры Алматы, 2018
13. Г.Дәулетова, Р.Хуснутдинов Шахмат 4 сынып оқу құралына арналған әдістемелік құрал
Академ.Шахмардан Есенов атын.ғылыми білім беру қоры Алматы, 2018
14. Г.Дәулетова, Р.Хуснутдинов Шахмат 4 сынып №1 жұмыс дәптері
Академ.Шахмардан Есенов атын.ғылыми білім беру қоры Алматы, 2018
15. Г.Дәулетова, Р.Хуснутдинов Шахмат 4 сынып №2 жұмыс дәптері
Академ.Шахмардан Есенов атын.ғылыми білім беру қоры Алматы, 2018